

РОҚ сақтау және пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 8 шілде N 321
Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі ракета отынының

құраластарын (РОҚ) сақтау және пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі РОҚ сақтаудың және пайдаланудың экологиялық қауіпсіздігі жөнінде Республикалық ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрсын және Комиссияның құрамын мына төмендегі министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің өкілдіктерінен бекітсін:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
Қазақстан Республикасы экология және биоресурстар министрлігі;
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;
Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі;
Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті;
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

2. Комиссияның негізгі міндеттері:

РОҚ сақталатын жердің экологиялық мониторингі мен олардың экологиялық қауіпсіздігін бағалау;

РОҚ сақталатын жері мен шарттарын техникалық жағдайларға сәйкес келтіру жөніндегі және Қазақстан Республикасының аумағында РОҚ пайдаланудың зардаптарын жою жөніндегі шаралардың жоспарын әзірлеу;

РОҚ сақтау және пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қаражатқа деген қажетін айқындау болып белгіленсін.

3. Комиссия 1996 жылдың 1 қазанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне РОҚ сақталатын жерді тексеру нәтижелері жөніндегі қорытындылары және РОҚ сақталатын жері мен шарттарын техникалық жағдайларға сәйкес келтіру жөніндегі және Қазақстан Республикасының аумағында РОҚ пайдаланудың зардаптарын жою жөніндегі шаралардың жоспарын ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі:

1996 жылғы 15 тамызына дейін РОҚ сақталатын барлық жерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қарауылдардың күзетіне алсын;

1996 жылдың 30 тамызына дейін Приозерск қаласындағы 04019 әскери бөлімшесінің аумағынан "меланжды" әкетуді аяқтасын;

1996 жылдың 30 қарашасына дейін одан әрі пайдалануға мүмкіндік беретін РОҚ сақтау құралдарының қызметі жөніндегі регламенттік жұмыстарды жүргізісін;

1997-1998 жылдар ішінде әскери бөлімшелерде РОҚ запастарын қайта генерациялау мен жаңалау жұмыстарын жүргізісін;

1998 жылдың аяғына дейін сақтаудағы белгіленген пайдалану мерзімі біткен барлық құралдарды алып, жаңасына ауыстырсын;

1996 жылдың 1 қазанына дейін Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігімен Ресей Федерациясына тиесілі және әскери полигондардағы және Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясына жалға берген "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы пайдаланылмаған РОҚ-ын Қазақстан Республикасынан әкету мәселесін келіссін.

5. Қазақстан Республикасының экология және биоресурстар министрлігі 1996 жылдың 1 тамызына дейін РОҚ-мен жұмыс жөніндегі қолданылып жүрген нұсқамалар мен оларды кәдеге жарату жөніндегі техникалық жағдайларына сараптау жүргізісін.

6. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының Қорғаныс министрлігіне осы өкімді жүзеге асыру үшін қажетті қаражат бөлсін және 1997-1998 жылдарға арналған республикалық бюджеттік жобасын әзірлеген кезде Комиссияның ұсыныстарын ескеретін болсын.

Премьер-Министрдің
орынбасары